



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Расында демократия тәуелсіздікті шартты ұғымға айналдырады. Мәселен, Ұлыбританиядан бөлінген күннің өзінде Шотландия бәрібір Еуроодақ атты үлкен бірлестіктің құрамында болар еді. Мұнда да бәрі Ұлыбритания мемлекетіне ұқсас: саясат пен экономика ортақ, ешкім мәселені жалғыз шешпейді. Барлық шешім демократиялық жолмен қабылданады. Яғни Ұлыбританияда болдың не, Еуроодақта болдың не, бәрібір. Немесе Ұлыбритания құрамындағы Шотландия мен Еуроодақ құрамындағы Ұлыбританияның бөлендей айырмасы жоқ. Осындай себептерден Испанияда Баск елінің, Францияда Корсиканың, Италияда Венецияның, Бельгияда фламандтардың азаттық идеясы жеткілікті қолдауға ие бола алмай отыр.

Референдум қорытындысы жария етілгеннен кейін Ұлыбританияның Премьер-Министрі Дэвид Кэмерон Шотландия өкілеттігі кеңейетіндігіне уәде берді. Бұған қоса, британдық премьер Лондонның шотландық үкіметке салық, бюджет шығыстары және әлеуметтік қамту салаларындағы өкілеттікті беру туралы өз міндеттемелерін толығымен орындайтындығын мәлімдеді.

Көптеген елдердің, оның ішінде Еуроодақ пен НАТО-ның басшығы да Шотландия қабылдаған шешімді құптап отыр. Мәселен, Еурокомиссия төрағасы Ж.Баррозу: «Мен шотланд халқының Біріккен Корольдіктің тұтастығын сақтау туралы шешімін құптаймын. Бұл нәтиже біріккен, ашық және қуатты Еуропа үшін өте жақсы. Мұны Еурокомиссия да қолдайды», - деді.

Ал НАТО Бас хатшысы Андерс Фог Расмуссен НАТО-ның шотланд халқының таңдауына құрметпен қарайтындығын айтуда. «Ұлыбритания НАТО-ны құрушылардың бірі және ол біздің альянстың күш-қуатын одан ары сақтауда маңызды рөлге ие бола беретіндігіне сенімдімін», - деді ол. Қазіргі нәтижелер бойынша Шотландияның басым бөлігі азаттықтан бас тартқаны анықталып отыр [4].

Бұл өңір Ұлыбританиядан бөлініп, жеке отау тігер болса, онда Еуропадағы бірқатар елдің жік-жік бөліну қауіпін жақындата түсері айқын жай еді. Мәселен, шотландықтар егемендігін алып, тәуелсіз ел ретінде әлемдік тарихтан мығым орын алған жағдайда испандық каталондар мен баскилер, бельгиялық фламандықтар, британдық ирландықтар да осы жолды таңдауы бек мүмкін еді.

Осыдан көріп отырғанымыздай егер бір аумақтың мемлекеттен бөлініп кетуі, басқа мемлекеттерге үлкен әсерін тигізуі мүмкін, тіпті болмаса сол мемлекет ішінде азаматтық соғыс белең алу мүмкіндігі туады. Сепаратизмге ұмтылып отырған барлық мемлекеттерге жаңа жол, жаңа мүмкіндіктер ашылуы ықтимал. Ал бұл жағдай халықаралық саясатқа өзінің үлкен кері әсерін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Мәшімбаев, Серік. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.) : оқулық / С. М. Мәшімбаев. - Алматы : Заң әдебиеті, 2008. - 169 б.
2. <http://www.inopressa.ru/article/15sep2014/ft/separatism.html>
3. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
4. <http://www.bbc.com/news/uk-scotland>

ӘОЖ 327 (51)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТТАРЫ: САРАПТАУ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРУ

Атаева Токжан Тасболатқызы

jan_92.17@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Аймақтану мамандығының І курс магистранты

Астана / Қазақстан

Ғылыми жетекші-Қилыбаева П.Қ.

1991 жылы КСРО-ның ыдырауымен Орталық Азияда тәуелсіз Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстан Республикалары құрылған болатын. Ең алдымен осы Орталық Азия елдерінің аймақтық және әлемдік саясаттағы рөлі мен орынына тоқталар болсақ, 1991 жылы жаңа ғана тәуелсіздік алған аймақ көптеген алып державалардың назарын өзіне аударды. Өйткені, КСРО тарағаннан кейін бөлініп шыққан мемлекеттердің келешек тағдыры қалай болады деген эксперименталды үрдіс жүрді. Ресей бұғауынан босап шыққан аймақ өзінің әлемдік аренадағы жаңа статусын қалыптастыру барысында өз мүмкіндіктерін пайдаланды. Ондаған жылдар бойынғы темір перденің астынан шыққан мемлекеттер өзінің Орталық Азиядағы халықаралық маңызды рөлін нығайтқысы келді. Осы тарапта Асқар Ақаев Қырғызстанды «Орталық Азияның Швейцариясы» болатындығын, Н.Назарбаев Қазақстанды «Еуропа мен Азия арасындағы көпір» екендігін айтып, С.Ниязов Түрікменстанға жаңа халықаралық статус жасамақшы болды, И.Каримов Өзбекстанды «Батыстың маңызды әскери орталығына» айналдырмақшы болса, Э.Рахмоновта ғана Тәжікстандағы азаматтық соғыстан кейін таңдау аз болды. Осы мақсатта Орталық Азия елдері ресурсы бай, инвестиция сала алатын мемлекеттермен келісімшартқа отыруға тырысты.

Кеңес одағының ыдырап Орталық Азияда АҚШ, Ресей, Үндістан, Қытай, Еуропа елдері, Түркия, Иран және өзге елдер арасында орнаған геосаяси текетірісті саясатшылар «Жаңа Үлкен Ойын» (The New Great Game) деп атаған болатын. Сондай-ақ Орталық Азияны қоршай орналасқан Ресей, Қытай, Үндістан, Пәкістан секілді елдер ядролық қаруға ие болса, Түркия, Иран сияқты елдер әскери қуаты жөнінен әлемдегі алыңғы қатарлы елдердің бірі. Бұл елдер үшін Орталық Азия өңірі экономикалық және саяси тұрғыдан маңызға ие [4].

Ал Орталық Азия елдері Ресей, Қытай, АҚШ, Түркия, Иран сияқты елдермен қарым-қатынастарын жақсартуға тырысты. Өйткені тауар айналымын жаңарту және бұрынғы экономикалық статусты жоғарылату барысында жаңа жобалар жасау қажеттілігі туындады. Орталық Азия елдері Еуропаға тек Ресей арқылы емес, Қытай арқылы оңтүстік-шығыс Азия елдерімен транспорт айналымын жолға қоюды көздеді. Яғни, Орталық Азия елдеріне сауда қатынасына жолдар мен мүмкіндіктер ашуды мақсат етті. Бірақ барлық мемлекет бұл мүмкіндікті қандай дәрежеде пайдалану керектігін білмеді. Әр мемлекет Орталық Азия көшбасшысына айналғысы келді. Алайда тек өзара көшбасшылыққа таласу емес, әлемдік деңгейде де көшбасшы болғылары келгені анық. Алып державалардың назарын аудару арқылы, Орталық Азия өзінің әлемдік аренада статусы пайда болғандығын көрсетті.

Ресей саясаткерлері Орталық Азия елдерін маңызды стратегиялық аймақ қатарына қосты. Ресейдің басты мақсаты Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Осы арқылы аймақ аралық ұйым құру керек деп шешті. Орталық Азияның қауіпсіздігін сақтау барысында әлемде ҰҚШҰ, ТМД, ШЫҰ ұйымдары пайда болды. Ресей Федерациясы осы ұйымдар қатарына кіріп және бақылаушы мемлекеттер қатарында болып, өзінің саяси стратегиялық мүдделерін жүзеге асырмақшы болды. Бұл ұйымдар Орталық Азияның жаңа қадамдарын бақылап отыруға, қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік тудырды. Ал бұл кезеңде АҚШ-ты аймақтағы мұнай – газ қорлары, Каспий өңірі қызықтырды. Бұл аймақ тек АҚШ мемлекетін ғана емес, Каспий өңіріне Ресей мен Иран арасында да бәсекелестік артты. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін, Түркия мен Иран өзінің стратегиялық бағыттарын алға қойып, Ресей орнын басқысы келді. Осы жылдары Түркияның АҚШ-қа қарағанда мүмкіндігі жоғары болды. АҚШ Түркияға өз жолын бермекші еді. Алайда Орталық Азия елдерін Түркия лидерлігіне беру жоспарынан бас тартып, осы аймаққа жаңаша көз тікті. Көптеген мемлекеттер Орталық Азия елдеріне дипломатиялық қарым-қатынаста өз көмек қолдарын созды. Орталық Азия елдерінің дамуына экономикалық жағынан инвестициялар салынды. АҚШ тек өзінің стратегиялық бағытын тек экономикалық қарым-қатынас арқылы ғана жасады [1, 67 б.].

Орталық Азия елдеріне 1991 жылдары өзінің саяси-стратегиялық мүдделерін бағыттамақшы болған мемлекеттер қатарында АҚШ, Ресей, Түркия, Иран, Қытай болды.

Әрбір мемлекеттің бұл аймақта өз мүдделері болды. Ең басты байлық көзі мұнай-газ ресурстарымен уран, металлургия салалары қызықтырды. Алайда Орталық Азияда осы алып державалардың ортақ мүдделері бар. Олар: терроризммен күрес, наркотрафик контрабандасымен күрес, аймақтың қауіпсіздігін сақтау және дінаралық экстремизмді жою болып табылады. Осы бағыттар ғана алып державаларды біріктіріп тұр деп айта аламыз.

Ең басты мүдделердің бірі бұл терроризммен күрес. Бұл бағыт антитеррорлық бағыт ұстанатын АҚШ мемлекетімен жақсы қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді. Бұл бағыт Ресейге де тиімді. Өйткені терроризмді тоқтату арқылы өз аймағындағы қауіпсіздікті сақтай алатындығы анық. Үш алып державаның басқа маңызды мақсаты аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Орталық Азия елдері әлі күнге дейін әлсіз. Көбінесе, саяси, экономикалық, ұлттық, әлеуметтік мәселелермен тоғысып жатқаны айқын.[2].

1991–2001 жылдар аралығында Орталық Азияның халықаралық міндеттері туралы көп айтылды. Алайда ешқандай қозғалыс болмады. Ресей оданда маңызды шаруалармен айналысты. Орталық Азиядағы жағдайларға көбінесе Үндістан, Иран, Қытай мемлекеттері қызығушылық танытты. Қытай тез қарым-қатынас жасауға асықпады. Ал басқа елдердің ынтымақтастық құруға ресурс толыққанды жетіспеді. Батыс елдерінің көбіне Орталық Азия елдерін, қоржынында мұнай-газ ресурс көздерімен айналысатын компаниялары болса да, артта қалған мемлекет деп санады. Ірі энергетикалық жобалар көзіне ғана инвестициялар сақталды. Потенциалды шетел инвесторлары Орталық Азиядан көңілдері қалды. Бұл аймаққа көмек көрсеткен мемлекеттер көптеген мәселелермен кездесті. Олардың мойнына Орталық Азияның саясаткерлері тарапынан айыптар, экономиканың әлсіреуіне байланысты айтылды. Осы тұста аймақтағы мемлекеттерге тоқталып кететін болсақ, Қазақстан инвестиция салу барысында көп мәселелерге жолықпаған мемлекет болды. Инвестиция салымдары миллиардтаған ақша әкеліп жатты. Ал Түрікменстан болса, ең басынан бастап қаржылай көмек сұраған жоқ. Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязбеков сенімді инвестор көздерін тандауды жөн көрді. Өйткені экспортқа шығатын газ көзі арқылы халық денсаулығының тегін қамтамасыз етілуін, әлеуметтік салымдарды төлеуді дұрыс деп білді. Бірақ Ауғанстандағы әскери мәселелер, Мәскеудің газ құбырларын бақылауы Түрікменстан халқының жағдайын нашарлатты. Аймақтың ең кедей мемлекеттері Тәжікстан мен Қырғызстан болып табылды. Қырғызстан қаржылай көмек жөнінде Әлемдік банк пен Халықаралық валюта қоры тарапына жүгінді. Ал Тәжікстан болса, азаматтық соғыстан кейінгі экономика көзі нашар болды. Сондықтан халықаралық қауымдастықтан экономикалық көмек сұрады [5].

Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі таңда Орталық Азия мемлекеттері әлемдік экономиканың маңызды бөлігіне айналып отыр. Мұнда 56 миллион адам өмір сүреді, тұтас алғанда, ІЖӨ жылына 60 миллиард долларды құрайды. Қазіргі сәтте Орталық Азияның одан әрі дамуында екі жол бар. Бірінші жол — өзінің әлемдік экономикадағы шикізат көзі ретіндегі рөлін бекіту. Оның үстіне — әлемдік геосаяси және геοэкономикалық бәсекелестіктегі қолжаулық рөлі. Екінші жол – интеграция. Осы аймақтағы мемлекеттер осы екі бағытта көптеген жұмыстар атқарып, дамудың жаңа сатысына көтерілуде.

Қолданылған әдебиеттер

1. Олкот Марта Брилл «Центральная Азия: первые десять лет Независимости».
2. «Россия и Современная мир». 14.01.2008.
3. Лаумулин М.Т. «Казахстан и США: история непростых отношений. Центральная Азия: внешний взгляд.» «Международная политика с центральноазиатской точки зрения. Берлин:» Фонд им. Ф. Эберта, 2008. – 151-174 с.
4. Есіркепов С. «Орталық Азия және Қытай: заманауи геосаясат пен стратегиялық мүмкіндіктер. Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2012-240 б.
5. Олкотт Марта Брилл «Второй шанс Центральной Азии» Московский Центр Карнеги Фонд Карнегиз Международный Мир Москва Вашингтон.- 2005.-505 с